

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2017 жылғы «_____» маусым

«БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрайымының Атырау облысындағы кездесулері

«БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрайымы Нұрбибі Наурызбаеваның республика өңірлеріне жасаған іссапары барысында Атырау облысындағы Махамбет кентінде болып, жергілікті тұрғындармен кездесті. Облыс орталығынан 73 шақырым жерде орналасқан Махамбет ауданында бүгінде 34,1 мың адам өмір сүреді. Олардың 15 мыңнан астамы – еңбекке жарамды азаматтар.

Аудан тұрғындары, олардың ішінде белсенді азаматтардың қатысуымен өткен кездесу барысында республика және Атырау облысы бойынша отандық жинақтаушы зейнетақы жүйесінің деректері келтірілді. 2017 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 6,99 трлн теңгені құрады. Ал 2 маусымда 7 трлн теңгеден асты. Жыл басынан бері зейнетақы жинақтарының сомасы 310 млрд теңгеге артты. Ал таза инвестициялық табыс осы кезеңде 114,4 млрд теңгені құрады.

2017 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жарналардың барлық түрі бойынша Атырау облысы тұрғындары жинақтарының сомасы 429,2 млрд теңге болды. Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналары бойынша жинақтар сомасы 421 млрд теңгеден асады. Ал бұл, республикалық көрсеткіштің 6 пайызын құрайды. 2016 жылы облыста міндетті зейнетақы жарналары бойынша орташа жарна 13,4 мың теңге болды. Бұл орташа статистикалық республикалық көрсеткіштен (9,4 мың теңге) жоғары.

Ресми деректер бойынша Атырау облысы халқының саны 594,6 мың адамды құрайды. Бұл ретте 311,8 мың адам (облыс халқының 76,8 пайызы) – экономикалық тұрғыдан белсенді тұрғындар. 2017 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары бойынша жеке зейнетақы шоттарының саны 349,2 мың адамды құрады. Бұл жерде шоттар санының еңбекке жарамды тұрғындардың санынан артық екендігі көрініп тұр. Оған себеп, мұнда белгілі жағдайларға байланысты басқа өңірлердің тұрғындары да жұмыс істейді және олар да міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлейді.

Бұл өңірде 10 989 кәсіпорын орналасқан. Олардың ішінде 103 кәсіпорын – ірі өндіріс орындары. Ал 178 кәсіпорын өз жұмыскерлерінің пайдасына айлық табыстың 5 пайызын міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) ретінде зейнетақы Қорына аударады. Жарналардың бұл түрі 2014 жылдың басынан енгізілген және оны жұмыс берушілер зиянды (аса зиянды) жұмыстармен айналысатын жұмыскерлерінің пайдасына аударады. Атырау облысында міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша 18,6 мың шот (республикалық көрсеткіштің 5 пайызы) ашылған. Оларда 7,9 млрд теңге (7%) жинақталған.

Махамбет ауданы тұрғындарымен болған кездесуде БЖЗҚ басшылығы мен қызметкерлері, ресми статистикадан басқа, отандық зейнетақы жүйесінің қалай жұмыс істейтіндігі, зейнетақы жинақтарының қалай инвестицияланып, табыстың қалай есептелетіндігі, салымшының, жұмыс берушінің және БЖЗҚ-ның қандай құқықтары мен міндеттері бар екендігі, жинақтаушы жүйеге неге белсенді түрде қатысып, тұрақты түрде зейнетақы жарналарын төлеп тұру керектігі туралы

әңгімеледі. БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдері де сөз болды. Айта кетелік, 2018 жылдан бастап БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері тек ай сайын жүзеге асырылатын болады. Кездесу барысында әйелдердің зейнеткерлік жасқа толу мерзімінің ұлғайтылу себептері де түсіндірілді. Әсіресе Қор қызметін жүзеге асыру мәселелеріне көп көңіл бөлінді.

Атырау облысында БЖЗҚ-ның 10 бөлімшесі жұмыс істейді – облыстық филиал және дербес қызмет көрсету орталықтары. Оларда өткен жылы 198,6 мың операция жасалған. Бүгінгі таңда облыста 162 мыңнан астам адам жеке зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпарат алудың электрондық тәсілін таңдаған.

Нұрбибі Наурызбаева сонымен қатар ағымдағы айдың соңына дейін Қордың сайты арқылы жаңа сервистің іске қосылатындығын айтты. Сол арқылы енді міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын ашуға және электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен зейнетақы төлемдерін алуға өтініш жіберуге болады. Жақын болашақта бұл сервистерді электрондық үкімет порталына да енгізу көзделіп отыр.

«БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрайымы Нұрбибі Наурызбаеваның Атырау облысының әкімдігі басшылығымен болған кездесуінде Қазақстан Республикасының ағымдағы зейнетақымен қамсыздандыру моделі, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жай-күйі, облыс тұрғындарының оған қатысуы, ақпарат беру және тұрғындардың қаржылық сауаттылығын арттыру мәселелері көтерілді.

Кездесу қорытындысы бойынша «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы мен Атырау облысы әкімдігі арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Осы келісімге сәйкес алдағы уақытта аталған мәселелерді шешу, зейнетақы жарналарының тиімділігін дәріптеу және тұрғындардың жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу белсенділігін арттыруға бағытталған бірлескен шараларды өткізу көзделген.

Сонымен қатар БЖЗҚ кәсіпорындар мен ұйымдарда облыс тұрғындары арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында материалдар жариялайтын болады. Өз кезегінде облыс әкімдігі бұл шараларға белсенді түрде қолдау көрсетеді.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

